



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 11 желтоқсан

2017 жылғы 1 желтоқсаннан 8 желтоқсан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

8 желтоқсандағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,9%-ға (331,22-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 334,32 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 1 желтоқсаннан 8 желтоқсан аралығындағы маңызды оқиғалар АҚШ Конгрессінің жоғарғы палатасы салық реформасының жобасын бекітуі, сондай-ақ 2018 жылға арналған федералдық бағдарламалардың ауқымды спектрін қаржыландыру бойынша шаралар, АҚШ-тағы еңбек нарығының жағдайы туралы экономикалық есеп, Ұлыбританияның Еурропалық Одақтан шығуы бойынша келіссөздердің алға жылжуы болды. Аталған факторлар АҚШ долларының әлемдік нарықтарда нығаюына әкелді.


Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Мексика песосы** тұтыну бағасы индексінің өсуі аясында 1,6%-ға (18,63-тен 18,93-ға дейін) әлсіреді, бұл инфляцияның Мексиканың Орталық Банкінің нысаналы деңгейінен жоғары болуына байланысты алаңдаушылық туғызады;
- **Бразилия реалы** 0,9%-ға (3,26-дан 3,29-ға) әлсіреді, ол үкіметтің зейнетақы реформасын қабылдау бойынша екіұштылығы шеңберінде өткен аптадан бастап әлсіреуін жалғастырды. Мемлекет басшысы Мишел Темердің көпшілік алдында реформаны 2017 жылдың соңына дейін бекітіуі туралы жариялауы валюта бағамының әлсіреуін тоқтата тұрды;
- **Ресей рублі** 0,4%-ға әлсіреді (58,90-нан 59,13-ке дейін);
- **Индонезия рупиясы** 0,2%-ға әлсіреді (13 523-тен 13 550-ге дейін);
- **Үндістан рупиясы** бір аптаның ішінде бір АҚШ доллары үшін 64,46 рупий деңгейінің маңында айтарлықтай өзгеріссіз саудаланды;
- **Оңтүстік Африка рэнді** 0,5%-ға нығайды (13,74-тен 13,67-ға);
- **Түрік лирасы** 1,8%-ға нығайды (3,91-тен 3,84-ға).

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

**Дамушы елдер валюталары бағамдарының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2017 жылғы 1 - 8 желтоқсан)**



Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz